

А.С. Зинедина* , **Қ.К. Кенжалин** , **Ә.Қ. Таңсықбай** 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

*e-mail: aierke96@gmail.com

БОЛАШАҚ ТІЛ МАМАНДАРЫНА ТАРИХИ СИНТАКСИСТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мақалада болашақ тіл мамандарына тарихи синтаксисті оқыту жүйесінің ғылыми-әдістемелік негіздері «Гүлістан бит Түркі» шығармасы негізінде қарастырылады. XIV ғасырда Сайф Сарай жазған бұл ескерткіш түркі әдебиеті мен тілінің тарихи дамуындағы құнды дереккөзі болып табылады. Тарихи синтаксис – тілдің грамматикалық құрылымының эволюциясын зерттейтін маңызды сала, оны оқыту болашақ мамандардың тілдің даму заңдылықтарын терең түсінуіне және кәсіби біліктілігін арттыруға ықпал етеді.

Зерттеу мақсаты – «Гүлістан бит Түркі» мәтінінің синтаксистік ерекшеліктерін талдау арқылы тарихи синтаксисті оқытудың тиімді әдістемесін ұсыну. Мақалада мәтіндегі сөз тіркестері мен сөйлем құрылымдарының тарихи даму жолдары зерттеліп, олардың тілдік ерекшеліктері анықталады. Сонымен қатар, мәтінді оқытуда қолдануға болатын әдіс-тәсілдер, студенттердің зерттеушілік қабілетін дамытуға бағытталған тәсілдер ұсынылады.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде «Гүлістан бит Түркі» шығармасын оқу материалы ретінде қолдану болашақ тіл мамандарының тарихи тіл білімін меңгеру деңгейін арттырып, олардың аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік беретіні көрсетілді. Ескерткіштің синтаксистік құрылымдарын зерттеу арқылы студенттер тек грамматикалық білім алып қана қоймай, түркі тілдерінің тарихи-мәдени мұрасын тереңірек түсінуге мүмкіндік алады. Бұл зерттеу болашақ мамандарды даярлау сапасын жақсартуға және тарихи тіл білімін оқыту тәжірибесін жетілдіруге үлес қосады.

Түйін сөздер: шағатай тілі, Гүлістан бит Түркі, тарихи синтаксис, оқыту әдістемесі, түркі тілдері.

A. Zinedina*, K. Kenzhalin, A. Tangsykbay

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

*e-mail: aierke96@gmail.com

Methods of Teaching Historical Syntax to Future Linguists

The article discusses the scientific and methodological foundations of the system of teaching historical syntax to future linguists on the basis of the work «Gulistan bit Turki». This monument, written by Saif Saray in the XIV century, is a valuable source in the historical development of Turkic literature and language. Historical syntax is an important area that studies the evolution of the grammatical structure of a language, the training of which contributes to a deep understanding of the laws of language development and professional development by future specialists.

The purpose of the study is to provide an effective methodology for teaching historical syntax by analyzing the syntactic features of the text «Gulistan bit Turki». The article examines the ways of historical development of phrases and sentence structures in the text and determines their linguistic features. In addition, methods and techniques that can be used in teaching the text are proposed, including interactive learning technologies and approaches aimed at developing students research abilities.

As a result of the research work, it was shown that the use of the work «Gulistan bit Turki» as an educational material increases the level of knowledge of historical linguistics of future linguists and allows them to improve their analytical and creative abilities. By studying the syntactic structures of the monument, students get not only grammatical knowledge, but also the opportunity to more deeply understand the historical and cultural heritage of the Turkic languages. This study will contribute to improving the quality of training of future specialists and modernizing the practice of teaching historical linguistics.

Key words: Chagatai language, Gulistan bit Turki, historical syntax, teaching methods, Turkic languages.

А.С. Зинедина*, К.К. Кенжалин, А.К. Тансықбай
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
*e-mail: aierke96@gmail.com

Методика преподавания исторического синтаксиса будущим лингвистам

В статье рассматриваются научно-методические основы системы преподавания исторического синтаксиса будущим лингвистам на основе произведения «Гюлистан бит тюрки». Этот памятник, написанный Саифом Сараем в XIV веке, является ценным источником по историческому развитию тюркской литературы и языка. Исторический синтаксис – важная область, изучающая эволюцию грамматической структуры языка, изучение которой способствует глубокому пониманию законов развития языка и профессиональному росту будущих специалистов.

Цель исследования – разработать эффективную методику преподавания исторического синтаксиса путем анализа синтаксических особенностей текста «Гюлистан бит тюрки». В статье рассматриваются пути исторического развития фраз и структур предложений в тексте и определяются их лингвистические особенности. Кроме того, предлагаются методы, которые могут быть использованы при обучении тексту, направленные на развитие исследовательских способностей учащихся.

В результате исследовательской работы было показано, что использование произведения «Гюлистан бит тюрки» в качестве учебного материала повышает уровень знаний по историческому языкознанию будущих лингвистов и позволяет им совершенствовать свои аналитические и творческие способности. Изучая синтаксические структуры памятника, студенты получают не только грамматические знания, но и возможность более глубоко понять историческое и культурное наследие тюркских языков. Данное исследование будет способствовать повышению качества подготовки будущих специалистов и модернизации практики преподавания исторического языкознания.

Ключевые слова: чагатайский язык, Гюлистан бит тюрки, исторический синтаксис, методика преподавания, тюркские языки.

Кіріспе

Тіл – әрбір халықтың мәдени және рухани байлығының негізі, ұлттық кодтың маңызды элементі. Тілдің тарихи дамуы, оның құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерінің қалыптасуы – тіл білімінің негізгі зерттеу нысандарының бірі. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи синтаксис тілдің даму тарихын терең түсінуге мүмкіндік беретін маңызды бағыттардың бірі саналады. Болашақ тіл мамандарын даярлау барысында тарихи синтаксисті оқыту ерекше мәнге ие. Бұл білім саласы тек тілдің эволюциялық өзгерістерін зерделеумен шектелмей, заманауи тіл құбылыстарының тарихи тамырларын анықтауға, тіл заңдылықтарын түсінуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, тарихи синтаксис – болашақ филологтардың ғылыми көзқарасын кеңейтіп, олардың зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін тиімді құрал. Тарихи синтаксисті белгілі бір нақты тарихи мәтін негізінде оқыту фокусты дұрыс қоюға, нәтижеге тезірек жетуге мүмкіндік береді. Сондықтан біз тарихи синтаксисті «Гүлістан бит түркі» ескерткіші арқылы оқыту жолын көрсетеміз. Түркі тілдерінде «Гүлістан» ең алғаш рет 793/1391 жылы Сейф-и Сарайи тарапынан қыпшақ түрік тіліне аударылып, Зәһир Мелик Бәрқұқтың хажибұл-

хужжабы (мемлекет істері жөніндегі уәзірі) Батхас әс-Судуниге арналады. Сейф-и Сарайи бұл аудармасында түпнұсқаға қатты байланбаған. Проза түріндегі хикаялардың тәржімелері белгілі бір деңгейде түпнұсқамен сәйкес келгенімен, өлең жолдары еркін сипатта берілген. Сонымен қатар, аударылмай, өткізіліп кеткен бөлімдер де бар. Бұл тәржімеде Сейф-и Сарайидің өзіне тән кейбір өлеңдері де кездеседі. Сейф-и Сарайи «Гүлістандағы» прозалық хикаяларды сол дәуірдегі ең көркем қарасөз тілімен түрікшеге тәржімелеген. Ал, бәйіт, қыта, мәснәуи, рубаят секілді өлең үлгілерінде ол парсыша жолдарды түрікше шумақтарға айналдыратын шығармашылық қуаты жоғары әдісті қолданған. Бұл шығарма, әсіресе, сөздік қоры мен грамматикалық ерекшеліктері тұрғысынан түркі тілі үшін маңызды дереккөз саналады. Шығарманың жалғыз қолжазба нұсқасы Лейден университеті кітапханасында (№1553) сақталған. Бұл нұсқаға кіріспе сөзбен қоса факсимиле (көшірме) басылымын Феридун Нафиз Узлук. Ал А. Фехми Қараманлыөғлү бұл нұсқаның сын көзбен қарастырылған мәтінін және сөздіктерін 1967 жылы доценттік диссертация ретінде әзірлеген. Бұл еңбек кейіннен 1978 және 1989 жылдары Анкарада факсимиле түрінде жарық көрген.

«Гүлістан бит Түркі» ескерткіші – ортағасырлық түркі әдебиетінің жауһары ғана емес, түркі тілдерінің синтаксистік құрылымын зерттеудің құнды дереккөзі. Біз бұл ескерткішке қазақ лингвистикасы тұрғысынан қарасақ, «Гүлістан бит Түркі» ескерткішін ескі қазақ жазба тіліндегі жәдігер деп танымыз және болашақ тіл мамандарына қазақ тілінің тарихи даму жүйесін осы мәтін арқылы көрсете аламыз. Бұл ескерткіштің синтаксистік ерекшеліктерін оқыту болашақ тіл мамандарына түркі халықтарының тарихи тілдік ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысының мақсаты – «Гүлістан бит Түркі» ескерткіші негізінде болашақ тіл мамандарына тарихи синтаксисті оқытудың әдістемесін әзірлеу және оны оқыту үдерісіне енгізудің тиімді тәсілдерін анықтау. Жұмыс барысында оқыту әдістері, дидактикалық материалдар мен тапсырмалар жүйесін жетілдіру мәселелері қарастырылады. Бұл әдістеме болашақ филолог мамандардың кәсіби даярлығын арттыруға және олардың тарихи тіл білімін меңгеруін тереңдетуге бағытталады.

Әдебиетке шолу

Жоғары білім беру жүйесі елдің ғылыми, техникалық және экономикалық әлеуетінің маңызды көрсеткіші ретінде танылып, білім беру сапасының деңгейі арқылы оның болашағын анықтайды. Әсіресе ғылым, техника, өндіріс және мәдениет салаларына жоғары білікті мамандарды даярлау бұл жүйенің маңызын арттыра түседі. Сондықтан қазіргі таңда әлемнің жетекші елдерінде жоғары білім беру саласын жетілдіру басты саяси міндеттердің бірі болып отыр. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін жоғары білім беру жүйесінің мазмұны мен құрылымын реформалап, оқытудың әдістері мен тәсілдерін жетілдіру қажет (Набидулин, 2020: 216). Болашақ тіл мамандарын даярлау жүйесіне де заманауи талаптарға сай өзгерістер енгізу – аса маңызды. Бүгінгі таңда оқу бағдарламалары мен жоспарлары ақпараттық-коммуникациялық кеңістіктің сұраныстарына сәйкестендіріп, теориялық-практикалық білімді тиімді үйлестіретін оқыту әдістерін қолдану қажет. Бұл болашақ филологтардың кәсіби даярлығын арттыру үшін шешуші фактор болып табылады. Әсіресе, «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» мен «Филология» мамандықтары бойынша білім алатын студенттер мемлекеттік стандартқа негізделген оқу мазмұнын игеру барысында тіл білімінің теориясы мен практикасынан хабардар болуы керек. Олардың

оқу жоспарындағы пәндер жүйесіне реформа жасау, соның ішінде тіл тарихына ерекше назар аудару маңызды.

Тіл тарихы – болашақ тіл мамандары үшін қазіргі қазақ тілін терең түсіну мен оны жетілдірудің негізі. Тілдің тарихы тіл құрамындағы жеке элементтердің тарихы ғана емес, тілдік құралдар жүйесінің, солардың өзгеріп, дамуының тарихы (Томанов, 1988: 31). Тілдің тарихи дамуының ерекшеліктерін меңгеру арқылы студенттер тіл жүйесінің заңдылықтарын терең түсініп, оны заманауи тілдік тәжірибеде қолданды үйренеді.

А. Игібаева мен А. Дүйсенбаева(2013) атап өткендей, жоғары білім беру үдерісінде тарихилық, ғылымилық, жүйелілік пен бірізділік, сондай-ақ теория мен тәжірибенің өзара байланысын қамтамасыз ететін принциптер ерекше орын алуы тиіс. Тарихи синтаксис курсының маңыздылығы синтаксистік құрылымдардың уақыт өте қалай өзгергенін, олардың қалыптасу заңдылықтарын түсіндіруінде жатыр. Тарихи синтаксисті зерттеу арқылы біз қазіргі қазақ тілінің синтаксистік ерекшеліктерін жетілдіру мүмкіндігіне ие боламыз. Бұл болашақ тіл мамандарын даярлау барысында тарихи тіл білімінің негізгі пән ретінде енгізілуінің қажеттілігін көрсетеді. Филолог-студенттердің тарихи тіл мәселелерімен және тілдің тарихи даму жүйесімен танысуы – олардың кәсіби құзыреттілігін арттырудың бірден-бір жолы. Осы пәнді тереңдетіп оқыту болашақ тіл мамандарына тілдің өткені мен қазіргісін байланыстыра отырып, оның даму бағыттарын анықтау қабілетін қалыптастырады. Тіл тарихын білмейінше, қазіргі тіл жүйесін толық түсіну мүмкін емес. Сондықтан тарихи синтаксисті оқыту, оны жетілдіру және болашақ мамандарға оның маңыздылығын түсіндіру – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Осы бағытта жүргізілетін жұмыстар жоғары оқу орындарындағы білім беру мазмұны мен әдістерін жаңа деңгейге көтеруге жол ашады. Филолог-студенттерге оқытылатын «Тарихи грамматика» пәнінде тарихи синтаксис мәселелерін көтеріп, білім алушылардың түпнұсқа мәтіндермен жұмыс жасауына жағдай жасалуы керек. Теориядан бөлек ежелгі дәуір, ортағасыр шығармаларының мәтіндерімен жұмыс жасау арқылы тіл эволюциясын тереңірек түсінуге мүмкіндік алады.

Синтаксис – сөйлемдегі сөздердің тіркесу жолдары, сөйлемдердің түр-түрі және олардың бір-бірімен тіркесу жолдары қаралады (Аманжолов, 2008: 5). Синтаксисті оқыту әдістемесі осы

тақырыпты студенттерге тиімді әрі терең түсіндіруге бағытталған ғылыми-әдістемелік амалдар жиынтығын қамтиды. Жоғары оқу орындарында бұл әдістемелер жүйелі түрде қолданылып, болашақ филолог мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруға көмектеседі. Жоғары оқу орындарында тіл мамандарын даярлау барысында тарихи синтаксис курсы болашақ филологтарға:

- Тілдің тарихи эволюциясын түсінуге;
- Синтаксистік құрылымдардың даму жолдарын анықтауға;
- Қазіргі қазақ тілінің синтаксисін тарихи мәнінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Тарихи синтаксис – тілдің даму тарихында сөйлем құрылысының өзгеру заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Оның өзекті мәселелерінің бірі – тарихи және қазіргі синтаксистік құрылымдардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Сонымен қатар тарихи синтаксисті зерттеу кезінде лексикалық, морфологиялық және фонетикалық өзгерістердің сөйлем құрылысына әсері ескеріледі. Тарихи мәтіндерді талдау арқылы тіліміздің даму үдерісін түсіну және оны болашақ ұрпаққа жеткізу маңызды. Бұл бағытта филологтарды дайындау қазіргі заманғы білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Т. Қордабаев(1964): «Тарихи синтаксис жазба ескерткіштер тілінің синтаксистік құрылысын зерттегенде, төмендегі негізгі мәселелер тұрғысынан қарау керек. Олар: сөз тіркестері, олардың тіркесу амал-тәсілдері, сөйлем мүшелері, олардың формалық құбылыстары, құрамдары, орналасу, басқа мүшелермен байланысу жолдары, сөйлем құрылыстары, олардың мағыналық және құрылымдық типтері, оларға жай және құрмалас сөйлемдер т.б. түрлері жатады», – дейді. Бұл тарихи синтаксис курсының мақсаты мен міндетін айқындайды.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында лингвистикалық талдау, салыстырмалы-тарихи талдау әдісі және синтаксистік құрылымды талдау әдісі қолданылды. Бұл әдістер арқылы «*Гүлістан бит Түркі*» мәтіндегі синтаксистік ерекшеліктерді жүйелі түрде зерттеу және оның қазіргі түркі тілдеріндегі іздерін анықтау жүзеге асырылды. Лингвистикалық талдау әдісі мәтіндегі сөйлем құрылымдарын анықтауға және олардың синтаксистік ерекшеліктерін саралауға бағытталды. Салыстырмалы-тарихи әдіс шағатай тілі синтаксисін қазіргі түркі тілдерінің грамматикалық жүйелерімен салыстыра отырып, олардың ұқсастықта-

ры мен айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Синтаксистік құрылымды талдау әдісі студенттерге тілдік материалды меңгерту мақсатында грамматикалық заңдылықтарды анықтап, оларды түсіндіру үшін қолданылды.

Зерттеу материалы ретінде ортағасырлық әдеби мұра, «*Гүлістан бит Түркі*» ескерткіші, таңдалды. Бұл шығарма шағатай тілінің синтаксистік құрылымын оқытуда аса құнды дереккөз болып саналады. Себебі бұл мәтінде түркі тілінің грамматикалық бірліктерінің мол қоры бар және тілдің тарихи дамуын көрсететін маңызды деректерді қамтиды. Бұл зерттеу жұмысы тарихи синтаксисті, оның ішінде шағатай тілі синтаксисін жоғары оқу орындарында оқытудың ғылыми негізін құруға және студенттердің тілдік құзыретін арттыруға бағытталған.

Әдебиетке шолу

Қазіргі тілдің синтаксистік ерекшелігін тану үшін оның тарихи жолын, тарихи сипатын білу маңызды. Әсіресе, сол сала мамандары сөздер байланысының эволюциясын білу арқылы тілді өзге үйренушілер мен білім алушыларға үйрете де, оқыта да алатын дәрежеде болады. Тарихи синтаксисті қазіргі жоғары оқу орындарында оқытудың негізгі әдістемелеріне мыналар жатады:

- *Салыстырмалы талдау.* Студенттерге тарихи және қазіргі синтаксистік құрылымдарды салыстыра отырып, олардың ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік береді;

- *Мәтіндік талдау.* Тарихи жазба ескерткіштерді зерттеу арқылы тілді тереңірек түсінуге бағыттау;

- *Интерактивті оқыту.* Қазіргі технологияларды, мультимедиялық ресурстарды қолдана отырып, студенттердің қызығушылығын арттыруға жағдай жасайды (Михайло&Тютима, 2022: 190).

Синтаксисті жоғары оқу орындарында болашақ филологтарға оқытуда қолдануға болатын заманауи оқыту әдістеріне сандық баяндау, ой карталары, инфографика, электронды сөздіктер, флеш-карталарды жатқызуға болады. Зерттеуші Т. Тютюма(2022) бұл әдістердің синтаксисті оқытудағы сипатына былайша тоқталады: «Сандық баяндау (digital narrative) мультимедиялық материалдарды қолдану арқылы тақырыпты жан-жақты түсіндірудің тиімді әдісі болып табылады. Ой карталары (mind mapping) ақпаратты құрылымдауға және оны түсіну мен есте сақтауды жеңілдетуге көмектеседі. Инфографика ақпа-

ратты графикалық түрде бейнелеу арқылы студенттердің оны қабылдауын жеңілдетеді және сыни ойлау қабілетін дамытады. Флеш-карталар синтаксистік ұғымдар мен ережелерді тиімді меңгеруге арналған. Ал электрондық сөздіктер синтаксистік құрылымдарды зерттеуде үлгі мысалдар ұсыну арқылы студенттердің тілдік құзыретін арттырады (Михайло&Тютима, 2022: 191). Синтаксис курсы студенттерге жаңа ұғымдарды меңгеруге, тілге, тіл біліміне махаббатын ашуға мүмкіндік береді. Өйткені синтаксистік жүйе әлемнің тілдік картасын қалыптастырушы негізгі құрылымды құрайды. Синтаксистік құрылымның бойына лексикалық қор мен морфологиялық бірліктердің мол қоры енеді (Завьялова, 2016: 233). Бұл дегеніміз синтаксисті оқытуда семантика мен морфология қатар жүруі керек дегенді білдіреді.

1. Синтаксисті семантикалық тұрғыда оқыту. Синтаксис сөз формаларының жиыны ретінде белгілі бір формулаға бағынатын зерттеу саласы болып танылды. Сөздер мен сөйлемдер арасындағы логикалық байланысмың белгілі бір формулаға, алгоритмге байланатыны анық. Дегенмен, синтаксисті оқытуда семантикаға ден қою синтаксистік байланыстардың уәжі мен лексикалық, морфологиялық бірліктердің жұмсалыу ерекшелігін, сипатын айқындауға, сөйлеу логикасының мазмұнын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл:

- Сөздердің мағыналық рөлін нақтылауға;
- Сөйлемнің жалпы мағынасын түсінуге;
- Синтаксистік құрылымдардың мағыналық ерекшеліктерін айқындауға көмектеседі.

Семантикалық талдау арқылы студенттер сөйлемдегі әрбір сөздің қызметі мен мағынасының өзара байланысын түсінеді. Бұл тәсіл синтаксисті тек құрылымдық емес, мазмұндық жағынан да тереңірек меңгеруге мүмкіндік береді. Синтаксисті тарихи және семантикалық тұрғыдан оқыту болашақ филолог мамандар үшін маңызды білім қорын бере алады. Ол студенттердің тілдік құрылымдарды терең түсінуіне, оларды тәжірибеде қолдана білуіне жағдай жасайды. ЖОО бағдарламалары осы бағытта жүйелі және заманауи әдістемелерді қолдана отырып, студенттердің кәсіби даярлығын арттыруға тиіс. Синтаксистік реконструкциялау әдісі синтаксистік байланыстарды «форма-мағына» жұбы арқылы зерттеуді ұсынады. Осы уақытқа дейін синтаксистік зерттеулер форма күйінде зерттеліп келгендіктен, мағына қалып отырды. Бұл нәтижеге жетуге толық мүмкіндік

бермейді. Қазіргі тілдегі синтаксистік логиканы түсіну үшін де, синтаксистік құрылымдардың тарихылығын зерделеу үшін де «форма-мағына» жұбы қажет. Яғни тарихи грамматика форма күйінде емес, «форма-мағына» күйінде ғана табысты зерттеле алады (Йоанна&Торхаллур, 2012: 258). Семантикалық синтаксис тілдік таңбалардың мазмұндық жағын зерттейді. Айтылымды түзетін әдістер мен амалдардың мағынасын қарастырады (Галимова, 2021: 256). Сондықтан әсіресе тарихи мәтіндермен жұмыс жасағанда синтаксистік құрылымдардың мағынасына зер салу керек. Сонда ғана мәтінді толық түсінуге болады.

2. Синтаксисті морфологиямен байланыстыра оқыту. Синтаксисті морфологиямен байланыстыра зерттеудің де, оқытудың да маңызы зор. Өйткені, қандай да бір сөздер байланысқа түскенде морфологиялық бірліктер мен грамматикалық категорияларды қабылдай отырып тіркеседі. Синтаксистік қатынасты жасаушы грамматикалық тұлғаларды танып, морфемалардың сипатын анықтау синтаксистік жүйенің қисынын түсінуге мүмкіндік береді. Б. Шалабай (2006): «Синтаксистің ең кіші тұлға-бірлігі – сөз және оның тұлғасы. Соңғылары морфологияның да зерттеу объектілері. Демек, олар морфология мен синтаксисті байланыстырушы тұлға-бірліктер» деген пікір білдіреді. Синтаксистегі ең негізгі элемент – сөздер және олардың грамматикалық тұлғалары. Сөздер өзара байланысқа түсіп, сөйлемдер мен тіркестер құраған кезде олардың морфологиялық ерекшеліктері маңызды рөл атқарады. Мысалы, сөздің көптік, септік, жақ немесе шақ формалары тек морфологияның зерттеу объектісі ғана емес, сонымен бірге синтаксистік қатынастарды анықтайтын басты құралдар болып табылады. Мұнда морфология мен синтаксис біртұтас грамматикалық жүйенің екі қыры ретінде көрінеді. Морфология сөздердің формаларын, олардың құрылымдық ерекшеліктерін зерттесе, синтаксис осы сөздердің байланысу тәсілдері мен құрылымдық заңдылықтарын қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, сөз бен оның грамматикалық тұлғалары морфология мен синтаксистің тоғысқан нүктесі болып табылады.

Б. Шалабайдың(2006) тұжырымы, бір жағынан, синтаксистің морфологияға тәуелділігін көрсетсе, екінші жағынан, морфологиялық формалардың синтаксистік құрылымдар жасау процесіндегі маңызды рөлін айқындайды. Бұл көзқарас морфология мен синтаксисті оқытуда

олардың арасындағы өзара байланысты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және осы екі сала арасындағы тығыз сабақтастықты көрсетеді.

Тарихи синтаксис курсы ЖОО-да болашақ тіл мамандарына оқыту тарихи жазба ескерткіштердегі ескі қазақ тілінің сипатын көрсетуге, қазіргі қазақ тілімен байланысын айқындауға мүмкіндік береді. Т. Қордабаев(1964): «Жазба материалдың қай тілге жататынын оны жазған автордың тайпасы шешпейді. Ескерткіш тілінің қазіргі тілге жақындық дәрежесі, оған ұқсастық шамасы, грамматикалық құрылысындағы бірлігі шешеді», – дейді. Яғни, жазба ескерткіштердің түпнұсқасымен тікелей жұмыс жасай отырып, мәтінге бойлау арқылы ондағы тілдік құбылыстардағы ортақтықтарды анықтау нәтижесінде жазба мұраларды түгендеп, қазақ тілінің еншісіндегі ескерткіш деп тани аламыз. Бұл турасында белгілі филолог Қ. Өмірәлиев(1988) те: «Қайсыбір жазба мұраға ортақ еншілестік те, жеке дара еншілік те ең әуелі сол ескерткіштің туу дәуіріндегі тарихи-қоғамдық жағдайлардан, осындай мұралардың туу себептерінен шығарып барып, содан соң «тілі» деп аталатын материалдың күллі рухани материал түріндегі, дыбыстық материал түріндегі барша ерекшеліктерінен шығарып барып белгіленуі керек», – дейді. Сонымен қатар ғалым жазба мұраның қай халықтың еншісі екендігін анықтауда грамматикалық категориялар мен синтаксистік жүйелердің де зерттелуін басты назарда ұстау қажеттігін өз зерттеулері арқылы көрсетеді. Өйткені лексикалық қор уақыт өте келе ауысып отыруы мүмкін, алайда синтаксистік үлгі, «тілдің қаңқасы» өзгеріссіз қалады. Демек, жазба ескерткіштерді еншілеудің бірден бір жолы грамматикалық құрылым, синтаксистік жүйенің қазіргі тілмен ұқсастығы болып шығады. Сондықтан ерте, орта дәуірлердегі шығармалардағы сөздердің байланысын, сөйлем жүйесін зерттеп қазіргі тілмен байланысын саралау үшін тарихи салыстырмалы зерттеу әдістері қажет. Жазба мұралардың сол тұста халықаралық тіл мәртебесін алған тілде жазылатындықтан, қазіргі заманда тек әліпби негізінде еншілеуге болмайды. Кез келген тарихи шығармаларда сол халықтың ғасырлар бойғы ойлау жүйесі, тарихи жады, логикасы, сөз құрау алгоритмі, әлемнің тілдік бейнесі жатады. Егер сөз құрау, сөздерді байланыстыру, ой түзу логикаларында айтарлықтай ұқсастық пен ойлау тілінде бірегейлік анықталса, сол жазба мұраны еншілеуге, өз тілінің тарихи шығармасы деп тануға негіз бар деп санаймыз.

Тарихи мәтінмен жұмыс істеу белгілі бір машықты, дайындықты қажет етеді. Сондықтан

студенттерді дайындау қажет. Ол үшін мынадай кезеңдерден өтуіміз қажет деп есептейміз:

1-кезең: Тарихи және лингвистикалық шолу арқылы студенттердің мәтінмен бастапқы таныстығы қамтамасыз етіледі.

2-кезең: Мәтіннен түсінген сөздерді анықтап жазу тапсырмасы лексикалық қор мен тарихи тілдік интуицияны оятуға бағытталады.

3–4-кезеңдер: Грамматикалық категорияларды тану мен мәтінді толық аудару аналитикалық ойлау мен салыстырмалы грамматика машығын дамытады.

5-кезең: Есте сақтау және логикалық мазмұндау арқылы тарихи мәтіннің мазмұнын қайта құру машығы бекітіледі.

6–9-кезеңдер: Синтаксиске бағытталған тапсырмалар:


- сөйлемдерді тыныс белгілері арқылы бөлу;
- сөйлем мағынасы мен түрін анықтау;
- синтаксистік модель құрастыру – бұл құрылымдық талдау негізінде тарихи синтаксистің жүйелілігін ұғындыруға қызмет етті.

10-кезең: Қорытынды тест арқылы қатысушылардың игерген білімін бағалау жүзеге асырылды.

Нәтижелер және талқылау

Тарихи синтаксис курсы болашақ филологтарға оқыту барысында оқу материалы ретінде ерте, ортағасырлардағы ескерткіш мәтіндері алынуы керек. Біз бұл зерттеуімізде С. Сарайдың «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінің мәтіні негізінде шағатай тілі синтаксисін филолог-студенттерге оқыту үлгісін көрсетеміз. Зерттеу барысында «Гүлістан бит Түркі» шығармасынан алынған үзінділер негізінде түпнұсқа мәтіннің транскрипциясы, аудармасы және грамматикалық құрылымы қарастырылды.

Тарихи мәтіндермен жұмыс жасау барысында «жеңілден қиынға» қағидаты сақталуы керек. Яғни, студенттер алдымен сөзбен-сөз аудармасын, сосын өздеріне таныс, қазіргі қолданыстағы әліпби негізінде түзілген мәтінді оқып, одан соң латын әліпбиі негізіндегі транскрипциясымен танысып, кейін түпнұсқамен танысуы керек. Синтаксистік байланыстарды анықтап үшін студенттер лексикалық бірліктер мен морфологиялық бірліктерді де жете білуі керек. Синтаксиске семантикалық тұрғыда зер салып, тарихи мәтіндегі синтаксистік байланыстарды түсінуге, қазіргі қазақ тілімен байланысын анықтауға мүмкіндік алады.

Сөзбе-сөз аударма	Хикаят Сол жылы Хорезм шахы Сұлтан Махмұт Қытай патшасымен бейбітшілік туралы келісім жасауға ықтияр етті. Қашғар мешітінің ішіне кіріп, бір ұланды көрдім. Мына өлеңде айтылғандай өте әдемі екен: Өлең Саған бұл сиқырлармен жүрек жаулауды кім үйретті. Жамалыңды көріп, тақуа тұтып махаббатыңның жолын кетті. Менің ру, тайпамның бәрі ғалым еді, Сенің бұл махаббатыңның ұстазы маған шайырлық үйретті.
Кирил әліпбиіндегі нұсқасы	Хикайәт Шәйх Сәди уйтур, лд йыл кім Султан Мәхмуд Хорәзм шах Хытай мәликі бірлен бір мәсләхәт үчүн сулх ихтир еттілер. Қашғар жами інің ішіне кіріп бір оғланны көрдүм. Ғайәт сахиб жәмал еді. Нечүк кім таир айтұр: Шир Маңа бұл шиуілір бірлен көңүл алмақ кім өгретті, Жәмалыңны көрүн заһид түтүн ишөың йолын кетті. Сенім кәум-у кабиләмнің кәмусы алим ерділер, Сенің бұ ишқын устады маңа шаирлық өгретті.
Латын әліпбиіндегі нұсқасы (түрік әліпбиі)	<i>hikāyet seyḥ sa'di aytur ol yıl kim sultān maḥmūd ḥōrezm-şāh ḥitāy meliki bilen bir maşlaḥat üçün sulḥ ihtiyār itti-ler kāşğar cāmi'i-niñ içine kirip bir oğlan(n)ı kördüm ḡāyet şāḥib-cemāl idi niçük kim şā'ir aytur şir saṅga bu şive-ler birlen köñül almaq kim öğretti cemāliñni körüp zāhid tutup 'işkiñg yohn kitti menim kavm u kabilem-niñ kamu-sı 'ālim iridi-ler seniñg bu 'işkiñg üstädi maṅa şā'ir-lik öğretti</i>
Түпнұсқа мәтін	

1-сурет – «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінің шағатай, түрік, қазақ әліпбилердегі нұсқасы

Тарихи синтаксис пәнінде «Гүлістан бит Түркі» шығармасынан алынған үзінділерді қазақша сөзбе-сөз аудармасы, түпнұсқасы, латын әліпбиіндегі және кирилл әліпбиіндегі транскрипцияларын студенттердің оқи алуы мен сабақ барысында қолдануы аса маңызды. Бұл тәсіл студенттердің тілдің тарихи кезеңдерін түсінуіне, синтаксистік құрылымдарды салыстыруына, сонымен қатар түркі тілдеріндегі сабақтастық пен дамуды көруіне мүмкіндік береді. Мәтінді транскрипциялау және аудару барысында студенттер тарихи синтаксис ерекшеліктерін түсініп, қазіргі қазақ тіліндегі ұқсас және өзгеше құрылымдарды анықтай алады. Шағатай тілі синтаксисі мен қазіргі қазақ тілі арасындағы

ұқсастықтар сабақтастықтың айқын көрінісі саналады. Синтаксистік байланыстардағы айырмашылықтар тілдің тарихи дамуын және заманға сай икемделуін көрсетеді.

«Гүлістан бит Түркі» шығармасының негізінде шағатай тілі синтаксисін оқыту үлгісі. С. Сарайдың «Гүлістан бит Түркі» шығармасының мәтіндерін қолдану арқылы студенттерге шағатай тілінің грамматикалық және синтаксистік ерекшеліктерін таныстыру ұсынылады. Бұл зерттеу барысында шығармадан алынған үзінділердің түпнұсқа мәтіндерінің транскрипциялары, қазақ тіліне сөзбе-сөз аудармалары және олардың грамматикалық құрылымы қарастырылады.

Оқыту әдістері:

1. Түпнұсқамен жұмыс жасау кезеңдері:

- **Қазақша сөзбе-сөз аудармасы.** Студенттер мәтіннің мағынасын түсіну үшін алдымен аудармасын оқиды.

- **Транскрипциялау.** Үзінділер латын және кирилл әліпбилерінде транскрипцияланып ұсынылады.

- **Түпнұсқа мәтінмен жұмыс.** Латын және кирилл әліпбиіндегі нұсқаларын меңгергеннен кейін түпнұсқа мәтінді оқиды.

2. Синтаксистік құрылымдарды талдау. Студенттер шағатай тіліндегі сөйлемдердің құрылымдарын анықтап, қазіргі қазақ тілімен салыстырады. Бұл тілдегі сабақтастықты және айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

3. Лексикалық талдау. Шағатай мәтіндеріндегі араб және парсы тілдерінен енген сөздер талданады. Мысалы, «жами» (мешіт), «ихтийр» (таңдау), «фəрах» (қуаныш) сөздерінің мағыналары қарастырылып, олардың қазіргі қазақ тіліндегі қолданылу ерекшеліктері анықталады.

4. Сөз байланыстырушы бірліктерді талдау. «Бірлен», «үчүн» секілді шылаулардың синтаксистік қызметі қарастырылады.

5. Мәтіннің синтаксистік байланыстарын талдау. Тарихи мәтіндерде сөйлемдердің байланысу жолдары қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда еркін болғанымен, кейбір құрылымдық ұқсастықтар сақталған. Бағыныңқы сөйлемдердегі грамматикалық ерекшеліктер тарихи сабақтастықтың дәлелі ретінде көрсетіледі.

Практикалық тапсырмалар үлгілері

1. «Гүлістан бит Түркі» шығармасының түпнұсқасын транскрипциялап, оның қазақша сөзбе-сөз аудармасын орындау.

2. Араб және парсы тілдерінен енген сөздерді мәтіннен анықтап, олардың қазіргі тілдегі қолданысын талдау.

3. Мәтіндегі шылаулар мен етістік формаларын тауып, олардың синтаксистік қызметін сипаттау.

4. Шағатай тілі мен қазіргі қазақ тілінің синтаксистік ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.

Мәтін үзіндісінен өз бетінше сөйлем құрастырып, оны шағатай стиліне бейімдеп 5. қайта жазу.

Бұл әдістеме студенттерге шағатай тілінің синтаксистік құрылымдарын түсінуге, қазақ тілімен салыстыру арқылы тілдің тарихи сабақтастығын көруге мүмкіндік береді. Сонымен

қатар, тарихи мәтіндермен жұмыс істеу арқылы олар тілдің даму үдерісін тереңірек ұғынады.

Қорытынды

Тарихи синтаксисті оқыту әдістемесі болашақ тіл мамандарын дайындауда маңызды рөл атқарады. Бұл курс студенттердің тілдің тарихи даму заңдылықтарын терең түсінуіне, қазіргі қазақ тілінің қалыптасуы мен дамуындағы ерекшеліктерді зерделеуіне мүмкіндік береді. Мақалада тарихи синтаксисті оқытуға арналған ғылыми-әдістемелік негіздер қарастырылып, оның негізгі мазмұны мен мақсаттары айқындалған. Авторлар «Гүлістан бит Түркі» шығармасының негізінде шағатай тілі синтаксисін зерттеу арқылы тарихи тіл білімін меңгерудің тиімді әдістерін ұсынады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тарихи мәтіндермен жұмыс істеу болашақ филолог мамандардың аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Студенттер мәтіндерді аудару, транскрипциялау және грамматикалық құрылымдарды салыстыру арқылы түркі тілдерінің тарихи сабақтастығын түсінеді. Сондай-ақ синтаксистік құрылымдарды морфология және семантикамен байланыстыра оқыту тілдің мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін жан-жақты меңгеруге мүмкіндік береді. «Гүлістан бит Түркі» шығармасының оқу материалы ретінде алынуы тарихи синтаксисті оқытуда маңызды әдістемелік құрал болып саналады. Студенттерге ұсынылатын мәтіндер тарихи және қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік құрылымдарды салыстыруға, тілдің эволюциясын түсінуге жол ашады. Тарихи синтаксис курсы студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттырып қана қоймай, олардың тарихи-мәдени мұраға деген қызығушылығын оятады.

Мақалада көрсетілген әдістемелік ұсыныстар жоғары оқу орындарындағы тіл мамандарын даярлау жүйесін жетілдіруге бағытталған. Бұл тәсілдер филолог студенттердің тарихи тіл білімі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, сонымен қатар тілдің заманауи тәжірибесі мен тарихи тамырлары арасындағы байланысты түсінуге көмектеседі.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен АР19679974 «Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінің тілі» атты гранттық жобасы аясында жазылды.

Әдебиеттер

- Johanna, B., & Thorhallur, E. (2012). Reconstructing syntax: Construction grammar and the comparative method. In *Sign-Based Construction Grammar* (pp. 257–308).
- Mykhailo, V., & Tiutiuma, T. (2022). Use of ICT tools in teaching syntax of Ukrainian language to philology students. *Scientific Journal of Polonia University*, 2(51), 187–199.
- Аманжолов, С. (2008). *Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы*. Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ.
- Галимова, Х. (2021). Семантический синтаксис и пропозиция как единица пропозиционного анализа текстов. *Балтийский гуманитарный журнал*, 3(36), 255–258.
- Завьялова, Ю. (2016). Инновационные методы исследования и преподавания морфологии и синтаксиса современного русского языка. *Таврический научный обозреватель*, 1, 231–234.
- Игибаева, В., & Дюсенбаева, А. (2013). *Жоғары мектеп педагогикасы*. Өскемен: ШҚМУ баспасы.
- Қордабаев, Т. (1964). *Тарихи синтаксис мәселелері (XV-XVIII ғасырлар материалдары бойынша)*. Алматы: Ғылым.
- Набидулин, А. (2020). Студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттырудағы «Жалпы тіл білімі» пәнінің артықшылықтары мен мүмкіндіктері. *Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология сериясы*, 2(72), 213–218.
- Өмірәлиев, Қ. (1988). *«Оғұз қаған» эпосының тілі*. Алматы: Ғылым.
- Томанов, М. (1988). *Қазақ тілінің тарихи грамматикасы*. Алматы: Мектеп.
- Шалабай, Б. (2006). *Қазақ тілінің стилстикасы*. Алматы: Республикалық оқулық баспа орталығы.

References

- Amanzholov, S. (2008). *Qazaq ädebi tili sintaksisiniñ qısqaşa kursy [A Brief Course on the Syntax of the Kazakh Literary Language]*. Pavlodar: S. Toraighyrov Pavlodar State University. (in Kazakh)
- Galimova, K. (2021). Semanticheskiy sintaksis i propozitsiya kak edinita propozitsionnogo analiza tekstov [Semantic syntax and proposition as a unit of propositional analysis of texts]. *Baltiyskiy gumanitarnyy zhurnal [Baltic Humanities Journal]*, (3), 255–258. (in Russian)
- Igibaeva, V., & Dyusenbaeva, A. (2013). *Joğary mektep pedagogikasy [Pedagogy of Higher Education]*. Öskemen: ShQMU Publishing. (in Kazakh)
- Johanna, B., & Thorhallur, E. (2012). Reconstructing syntax: Construction grammar and the comparative method. In *Sign-Based Construction Grammar* (pp. 257–308). (in English)
- Kordabaev, T. (1964). *Tarihi sintaksis мәселелери (XV-XVIII ғасырлар материалдары бойынша) [Issues of Historical Syntax (Based on XV-XVIII Century Materials)]*. Almaty: Gylm. (in Kazakh)
- Mykhailo, V., & Tiutiuma, T. (2022). Use of ICT tools in teaching syntax of Ukrainian language to philology students. *Scientific Journal of Polonia University*, 2(51), 187–199. (in English)
- Nabidulin, A. (2020). Studentterdin ғылыми-танымдық әлеуетін арттырудағы «Жалпы тіл білімі» пәнінің артықшылықтары мен мүмкіндіктері [Advantages and opportunities of the “General Linguistics” course in enhancing students’ scientific and cognitive potential]. *Vestnik KazNPU im. Abaya. Seria «Filologiya» [Bulletin of Abai KazNPU. Series “Philology”]*, (2), 213–218. (in Kazakh)
- Omirliev, Q. (1988). *«Oğuz qağan» eposınıñ tili [The Language of the “Oghuz Khan” Epic]*. Almaty: Gylm. (in Kazakh)
- Shalabay, B. (2006). *Qazaq tiliniñ stilistikasy [Stylistics of the Kazakh Language]*. Almaty: Respublikalıq oqılıq baspa ortalyğı. (in Kazakh)
- Tomanov, M. (1988). *Qazaq tiliniñ tarihi grammatikasy [Historical Grammar of the Kazakh Language]*. Almaty: Mektep. (in Kazakh)
- Zavyalova, Y. (2016). Innovatsionnye metody issledovaniya i prepodavaniya morfologii i sintaksisa sovremennogo russkogo yazyka [Innovative methods of research and teaching morphology and syntax of the modern Russian language]. *Tavrisheskiy nauchnyy obozrevatel' [Taurida Scientific Observer]*, (1), 231–234. (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Зинедина Айерке Сағынғалиқызы – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан, e-mail: aierke96@gmail.com)

Кенжалин Куанышбек Кәрімұлы – философия докторы (PhD), қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан, e-mail: kenkk@mail.ru)

Таңсықбай Әділет Қыдырбекұлы – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан, e-mail: adilet_2_97@mail.ru)

Информация об авторах:

Зинедина Айерке Сағынғалиевна – PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: aierke96@gmail.com)

Кенжалин Куанышбек Каримович – доктор философии (PhD), доцент кафедры казахского языкознания, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: kenkk@mail.ru)

Тансыкбай Адилет Кыдырбекович – PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: adilet_2_97@mail.ru)

Information about authors:

Zinedina Ayerke Sagyngalievna – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: aierke96@gmail.com)

Kenzhalin Kuanyshbek Karimovich – doctor of Philosophy (PhD), associate professor of the Department of Kazakh linguistics, L. N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: kenkk@mail.ru)

Tansykbay Adilet Kydyrbekuly – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: adilet_2_97@mail.ru)

Келін түсті 3.09.2024
Қабылданды 20.06.2025